

# «Шахановтың ақындық әлемі»

## 11-сыныптарға арналған авторлық бағдарлама

.

**Орал,2023 жыл**

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды.
Хаттама №2 31.03.2023 жыл

**Құрастырғандар: Мухангалиева Г.Б.**
Дінмұхамед Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиет магистрі.

**Пікір жазғандар: Ажғалиев Марат Кайыржанұлы**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты.

**Таубаева М.Б.**
«Бауыржан Момышұлы атындағы «№46ЖОББМ» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Авторлық бағдарлама аптасына 1, жылына 36 сағаттық білім мазмұнын қамтиды. Бағдарламаның мазмұндық жүйесі: «Шахановтың ақындық әлемі» авторлық бағдарламасы қазақ тілді мектептердің 11-сыныбына арналған. Бағдарлама Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік білім стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

Ақын Шахановтың шығармашылығына арналған қосымша сағаттар бағдарламасы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған.

Бағдарлама талапқа сай мақсат-міндеттері нақтыланған, сондықтан тәжірибеде қолдануға болады.

## Мазмұны

**I. Түсінік хат** --------------------------------------------------- 4-бет

**II. Негізгі бөлім**

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері ----------------- 5-бет

2.Бағдарламаның күнтізбелік жоспары------- -----------------8-бет

3. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарлары ---------------------11-бет

Қосымша материалдар----------------------------------------55-бет

**III. Қорытынды** ------------------------------------------------ 63 -бет

Қолданылған әдебиеттер **----------------------------------------** 64- бет

# Түсінік хат

«Шахановтың ақындық әлемі» авторлық бағдарламасында ақынның шығармаларын талдай отырып оқушылардың тіл шеберлігін арттыру, адамгершілік құндылықтарды сіңіру, қажетті білім, білік дағдыларын қалыптастыру, рухани дүниесін дамыту көзделді. Өлең оқу арқылы оқушылардың рухани дүниесі байып, оларға азаматтық, адамгершілік, патриоттық, көркемдік-эстетикалық тәрбие беріледі және ой-өрісі кеңіп, ауызша сөйлеу мен жазба тіл мәдениеті жетіледі.

Мұғалімдер оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, ең алдымен оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттырып, поэзиялық шығармаларды өз бетімен оқуға, ізденуге тәрбиелеуі тиіс. Аталған бағдарламада елімізге белгілі ақыны Мұхтар Шахановтың поэзиясын тереңірек оқыту және оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру көзделіп отыр.

Бағдарлама жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік білім стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

Бағдарлама 36 сағатқа құрылды. Бағдарламаның теориялық бөлімінде курстың базалық мазмұны мен күнтізбелік-тақырыптық жоспар, ал практикалық бөлімінде қысқа мерзімді сабақ жоспарлары мен дидактикалық материалдар қамтылған.

Нәтижеге бағытталған, табысты оқытуды жүзеге асыру үшін мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдардың маңызы әрдайым жоғары.

«Шахановтың ақындық әлемі» атты 11-сыныпқа арналған авторлық бағдарламаны жасай отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізу көзделді:

- Ақын шығармашылығы туралы терең мәлімет алады;

- Өлең оқуға ынтасы артады;

- Өлеңді жан-жақты талдау жасай алады.

**Мақсаты:**

М.Шаханов шығармаларын оқушыларға терең меңгерту. Жас ұрпақты Мұхтар шығармалары арқылы ерлікке, елін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу, оқушының рухани-эстетикалық талғамын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдебиетін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, алған білімді өз пайдасына асыра білетін, ұлттық сана-сезімі қалптасқан дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

*оқушыға поэзияны оқыту, сөз мағынасымен жұмыс жасауға дағдыландыру;

*көркем шығарманың тілін түсінуге,оқыған шығармасындағы тілдік-көркемдік ерекшеліктерді таба білуге үйрету;

* оқушыларды өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету;

* лирикалық шығарманы жан-жақты талдай білуге дағдыландыру.

**Міндеттері:**

*Қазақ поэзиясындағы орны бар көрнекті ақын шығармашылығын тану;

*Ұлттық болмыстың өзегін сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, Мұхтардың өлеңдерін оқып, білудің өзектілігін ұғындыру;

*Оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту;

*Рухани- мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту, ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

- Ақын шығармашлығымен кеңінен танысады;

-Ақын шығармаларын талдауға дағдыланады;

-Шығармалардың идеясын түсіне отырып, өзіндік пікір білдіреді;

-Өзіндік ойын әдеби тілде шебер жеткізе алады;

-Өлеңді мәнерлі де сазды, дауыс ырғағын қойып оқуға дағдыланады;

**Бағдарламаның өзектілігі:**

Ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым-білім өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің мағыздылығын түсіну арқылы оқушылар көкейінде мақтаныш сезімі оянып, елжанды болары сөзсіз.

**Бағдарламаның мазмұны**

1. Кіріспе. Балалық шаққа саяхат. Ақынның өсу, қалыптасу және қоғамдық істерге араласу кезеңдері (2сағат).
2. Ақын шығармашылығындағы туған жер тақырыбы, патриоттық өлеңдері. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен сағыныш көрінісін талдайды. «Туған жердің бұлағы», «Туған жер», «Рух пен тіл» (3сағат).
3. Ақын өлеңдеріндегі шынайы шындық, зерделі ой, ұлттық құндылықтар көрінісі, «Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы», «Жалын», ««Өркениеттің адасуы», «Төрт ана», «Арман», «Арал қасіреті», «Желтоқсан тағылымы», «Наурыз» (8 сағат).
4. Ақын шығармаларындағы достық пен махаббат. «Достық пен махаббат», «Жанерке» , «Шың басындағы оқиға», «Алғашқы махаббатқа хат» (5сағат).
5. Ақынның қазақ музыка тарихында кең танылып, әннің мәтіні болған өлеңдерімен танысу және әндерін айтып үйрену, ән мәтінін талдау «Арыс жағасында», «Ақ бантик», «Қуаныш вальсі»(3сағат).
6. Ақынның белгілі тұлғаларға арнаған өлеңдерін талдау «Қазақтың бас бұлшық еті», «Қалдаяқов өзені», «Түсінісу теоремасы» (3сағат).
7. Мұхтардың поэмалары. «Махаббатты қорғау», «Нарынқұм зауалы», «Күретамырды іздеу», «Сенім патшалығы» поэмаларының негізгі тақырыбы мен идеясын ашу. Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне талдау жасау(6сағат).
8. Шығармашылық ізденіс жұмыстары Мұхтар өлеңдерін оқу, әндерін орындау, эссе жазу, презентация дайындау (6 сағат).

**«Шахановтың ақындық әлемі» авторлық бағдарламасы**
**11-сынып**
Тақырыптық-күнтізбелік жоспар
/аптасына – 1сағат, жылына – 36 сағат/

| № | Сабақтың тақырыбы | Сабақ мақсаты | С/с | Уақыты | Оқыту ресурстары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе | Курс туралы түсінік, мақсат-міндеттері. Ақынның балалық шағына шолу | 1 | | https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24144/ |
| 2 | Ақын шығармашылығына жалпы шолу | Ақынның өсу, қалыптасу және қоғамдық істерге араласу кезеңдеріне шолу | 1 | | https://adebiportal.kz/kz/authors/view/933 |
| 3 | Туған жер туралы өлеңдері | Ақын өлеңдеріндегі туған жерге деген сүйіспеншілік пен сағыныш көрінісін талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/ |
| 4 | Рух пен тіл | Ақынның патриоттық тақырыптағы өлеңдерін талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/4363-Ruh-pen-til |
| 5 | Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы | Ақын өлеңдеріндегі ұлттық құндылықтар көрінісін талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/4354-Tamyrsyzdanu-qaupinin-tuzhyrymdamasy |
| 6 | Достық пен махаббат | Ақынның достық туралы өлеңдері. Ақын шығармаларындағы достық пен махаббат туралы талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/4355-Dostyq-pen-mahabbat |
| 7 | Арыс жағасында | Ақынның сөзіне жазылған ән мәтіндерімен танысу, әндерін айтып үйрену, ән мәтінін талдау | 1 | | https://ketpe.com/arys-zhagasynda-tekst |
| 8 | Поэзия кеші | Ақын өлеңдерін жатқа оқу, мәнерлеп оқу | 1 | | Презентация, слайд |
| 9 | Туған жердің бұлағы | Туған жерге арналған жырларын талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/5986-Tugan-zherge-oralu |
| 10 | Қазақтың бас бұлшық еті | Ақынның белгілі тұлғаларға арнаған өлеңдерін талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/1656-Qazaqtyn-bas-bulshyq-eti |
| 11 | Ақ бантик | Қазақ музыка тарихында кең танылып, әннің мәтіні | 1 | | Ән мәтіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | болған өлеңдерімен танысу және әндерін айтып үйрену, өн мәтінін талдау | | | |
| 12 | Қуаныш вальсі | Ақынның сөзіне жазылған ән мәтіндерімен танысу, әндерін айтып үйрену, ән мәтінін талдау | 1 | | https://sazalem.com/kk/track/shamshi-kaldayakov-kuanysh-valsi |
| 13 | Жанерке | Ақынның достық туралы өлеңдері. Ақын шығармаларындағы достық пен махаббат туралы талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/1640 |
| 14 | Арман | Ақын поэзиясындағы адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, қайырымдылық қасиеттерінің көрінісі | 1 | | Эверестке шығу жинағы, 15-бет |
| 15 | Төрт ана | Ақын шығармаларының көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап әдеби эссе жазу | 1 | | Эверестке шығу жинағы, 89-бет |
| 16 | Жалын | Ақынның заман көрінісін, қоғам қайшылықтарын жан-жақты танытудағы шеберлігін талдау | 1 | | |
| 17 | Поэзия сабағы | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа оқу | 1 | | |
| 18 | Наурыз | Ақын өлеңдеріндегі салт – дәстүрлер көрінісін талдау | 1 | | |
| 19 | Қалдаяқов өзені | Ұлы тұлғаларға арналған өлеңдерін талдау | 1 | | Эверестке шығу жинағы, 38-бет |
| 20 | Арал қасіреті | Саяси бағыттағы өлеңдерін талдау | 1 | | https://alashainasy.kz/person/aral-kasret-bukl-alemnn-kasretne-aynaludyin-aldyinda-tur-4694/ |
| 21 | Желтоқсан тағылымы | Саяси бағыттағы өлеңдерін талдау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/5982-ZHeltoqsan-tagylymy |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 22 | Түсінісу теоремасы | Ақынның белгілі тұлғаларға арналған өлеңдерін талдау | 1 | | «Эверестке шығу» жинағы, 34-бет |
| 23 | «Өркениеттің адасуы» | Ақынның заман көрінісін, қоғам қайшылықтарын жан-жақты танытудағы шеберлігін талдау | 1 | | |
| 24 | Махаббатты қорғау поэмасы. Ғайша жеңгей | Поэмаларының негізгі тақырыбы мен идеясын ашу | 1 | | «Эверестке шығу» жинағы, 110-бет |
| 25 | Поэзия сабағы | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | 1 | | Презентация |
| 26 | Нарынқұм зауалы | Поэмаларының негізгі тақырыбы мен идеясын ашу | 1 | | |
| 27 | Нарынқұм зауалы | Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне талдау жасау | 1 | | Кестелер |
| 28 | Танакөз | Шығарма сюжетіне талдау | 1 | | http://madeniportal.kz/article/2585 |
| 29 | Күретамырды іздеу | Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне талдау жасау | 1 | | |
| 30 | Сенім патшалығы | Поэмаларының негізгі тақырыбы мен идеясын ашу | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/9140-Senim-patshalygy |
| 31 | Жігерлендіру | Ақын әндерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін айқындау | 1 | | |
| 32 | Шың басындағы оқиға | Махаббат тақырыбындағы өлеңдері | 1 | | |
| 33 | Алғашқы махаббатқа хат | Махаббат тақырыбындағы өлеңдері | 1 | | |
| 34 | Тереңдік жыры | Ақын әндерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін айқындау | 1 | | https://bilim-all.kz/olen/5968-Terendik-zhyry |
| 35 | Қайталау сабағы | Ақын шығармаларының құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап әдеби эссе жазу | 1 | | |
| 36 | Поэзия кеші | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | 1 | | Слайд |

## Қысқа мерзімді сабақ жоспарлары

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 1-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Кіріспе | | |
| Сабақ мақсаты: | Курс туралы түсінік, мақсат-міндеттері. Ақынның балалық шағына шолу | | |
| | | | |

| Жопс.уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:** | **«Өрмекші торы»**<br>*Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады, жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өрмекші торын жасап, бір-біріне тілек айтады* | *Жарайсыңдар!* | Жіп |
| Сабақ ортасы мин | **1.«INSERT» әдісі**<br>**2.«Джигсо» әдісі**<br>Үлестірмелі материалдар беріледі.<br><br>Ақынның өмірбаяны, шығармашылығы, еңбек жолы туралы мәлімет алады. | *1.Оқушылар ақпарат бойынша маңызды мәліметтерді түртіп алады.*<br>**2.** *Оқушылар топқа бөлініп, берілген ақпараттарды топ ішінде талқылайды. Әр топ өздеріне берілген мәлімет туралы келесі топтарға баяндайды.* | ***Дескриптор:***<br>*Ақпараттарды түртіп алады. Топ ішінде талқылайды.* | Фотосурет, үлестірмелі материалдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br>**Рефлексия:**<br>*«Б-Б-Б»әдісі бойынша*<br><table><tr><td>Білемін</td><td>Білдім</td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table> | | | |

| Мектебі: | 2-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Ақын шығармашылығына жалпы шолу | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның өсу, қалыптасу және қоғамдық істерге араласу кезеңдеріне шолу | | |

| Жопс. уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>Айнала қоршала тұрып, «Шаттық шеңберін» құрып, оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1.«Бір минуттық әңгіме» тәсілі**<br>**Жұптық жұмыс**<br>Оқушылар жұптық жұмыста үйге берілген тапсырма бойынша ақын өмірі мен шығармашылығына байланысты дайындаған жұмыстарын бір-бірімен бөліседі.<br><br>**2. «Кластер» әдісі**<br>**Топтық жұмыс**<br>1-топ – Ақынның өсу, қалыптасу кезеңіне шолу;<br>2-топ – Қоғамдық істерге араласу кезеңіне шолу;<br>3-топ – Ақын шығармашылығына шолу.<br><br>**3. «Шеринг» әдісі**<br>Барлығы шеңберде отырады, | *Ж.Ж оқушылар үш топқа бөлінеді. Танысқан мәліметтер негізінде әр топ кластер дайындайды:* | ***Дескриптор:***<br>*Мәліметті талқылайды;*<br>*Ақпарат алмасады.*<br>***Дескриптор:***<br>*Берілген тақырыпта кластер дайындайды;*<br>*Топ ішінде талқылайды.*<br>**Дескриптор:**<br>*Тақырыпты түйіндейді;*<br>*Өзіндік көзқарасын білдіреді.*<br>***«Екі жұлдыз, бір*** | Презентация<br>Реферат |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек. | | ***тілек» әдісі*** | |
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br>Ақын туралы мәліметтер<br>**Рефлексия:**<br>***«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша***<br>1. Бүгін мен не білдім...<br>2. Не қиындық туғызды...<br>3. Маған маңызды болды... | | | Стикерлер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 3-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Туған жер туралы өлеңдері. | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын өлеңдеріндегі туған жерге деген сүйіспеншілік пен сағыныш көрінісін талдау | | |

| Жоспс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Мен елімді мақтан етемін, өйткені...» | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1. «Миға шабуыл» әдісі:**<br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**Зымыран сұрақтар**<br>• Ақын туған аймақ?<br>• Ақынның туған күні?<br>• Ақынның руы кім?<br>• Ақынның жыр жинақтарын ата?<br>• Ақынның ең алғашқы өлеңі?<br>• Ақын марапаттары?<br>**2. «Фишбоун» әдісі** | *Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазады. Денесінің жоғарғы жағындағы* | ***Дескриптор:***<br>*Ақынның патриоттық тақырыптағы өлеңдерімен танысады;* | Ақынның портреті, презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үнтаспадан ақынның патриоттық тақырыптағы өлеңдері тыңдатылады. Оқушылар шығарманың тілін талдайды.<br>**3. «Галереяны шарлау» әдісі**<br>Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» – топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, ақынның патриоттық тақырыптағы өлеңдері жазылған қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, топтар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған сыныптастарының пікірін сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды. | *қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазады. Түйінді ой құйрығына жазады.* | *Шығарманың тілін талдайды.*<br>***Дескриптор***<br>*Бір-бірінің жұмыстарын сараптайды*<br>*Қорытынды жасайды.*<br>**ҚБ** *Өзара бағалау* | Үнтаспа<br><br>Қабырға газеттері |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Ақынның достық тақырыбындағы басқа да өлеңдерімен танысу<br>Рефлексия:<br>**«Ашық микрофон» әдісі**<br>Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>Сабақта өзіңе не ұнады? | | | |

| Мектебі: | 4-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Рух пен тіл | | |
| Оқу мақсаты: | Ақынның патриоттық тақырыптағы өлеңдерін талдау | | |
| | | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Мен жақсы доспын, себебі...» | *ЖЖ* | | |

<table>
<tr>
<td>Сабақ ортасы мин</td>
<td>1. «Миға шабуыл» әдісі:<br>Интербелсенді тақтадан туған жер туралы мақал-мәтелдердің алғашқы бөлігі көрсетіледі. Оқушылар жалғасын анықтап, мақал-мәтелдер сабақ тақырыбымен байланыстырылады.<br>1. Өз елің ......<br>.........................................<br>2. Өзге елде сұлтан болғанша,<br>................................................<br>3.Туған жердің қадірін,<br>............<br>2. Мәнерлеп оқы. Рух пен тіл өлеңі беріледі
<table>
<tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr>
<tr><td>Идеясы</td><td></td></tr>
<tr><td>Жанры</td><td></td></tr>
<tr><td>Шумақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Тармақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Буын саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Бунақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұйқас</td><td></td></tr>
<tr><td>Тіл көркемдігі</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>ЖЖ<br><br>ТЖ</td>
<td>Дескриптор:<br>Мақал-мәтелдердің жалғасын анықтайды;<br>Тақырыппен байланыстырады.<br>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>Өлең құрылысына талдайды.<br><br>ҚБ Топтық бағалау</td>
<td>Ақынның портреті, презентация</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы мин</td>
<td colspan="4">Үй тапсырмасы:<br>«Отан –қуат, отбасы-шуақ» тақырыбында ойтолғау жазу.<br>Рефлексия:<br>Рефлексия:<br>«Тазалық ойыны »әдісі бойынша<br>Шабадан-әрі қарай менің керегіме жарайды.<br>Ет тартқыш-алған ақпаратты өңдеймін.<br>Себет-барлық ақпаратты тастаймын.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td>5-сабақ</td><td>Күні:</td><td>Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td>Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="2">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="3">Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаты: | Ақын өлеңдеріндегі ұлттық құндылықтар көрінісін талдау |
| | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Дос жылатып айтады,дұшпан күлдіртіп айтады» тренингі | | | |
| Сабақ ортасы<br>мин | **1. «Мақал сөз мәйегі» Адамгершілік тақырыбында мақалдар айтады**<br>**2.Өлеңді мәнерлеп оқиды**<br>Жаһандану рухсыздығы өз жеңісін тойлауда.<br>Содан қазір қаншама адам бейім былай ойлауға:<br>"Мен қай тілде еркін сөйлеп, оқи алам, жаза алам,<br>Білім, жұмыс, нан таба алам, сол тіл - менің өз анам".<br>Бірақ қарсы тұжырым бар осы адасқан байламға:<br>Біз жалқыны мойындамай, ұға алмаймыз жалпыны.<br>Тіршілікте бір адамды шексіз сүю арқылы<br>Адамзатты тану әрі сүюге жол табасың.<br>Және әркім шын қадірлеу арқылы өз анасын,<br>Ұғар оның сатылмайтын сезімінің бағасын.<br>Өз ұлтыңның тілін, салтын, паркын сүю арқылы<br>Күллі әлемдік биікке өрлеп, ардақтайсың жалпыны. | *ЖЖ*<br><br><br><br>*ЖЖ*<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>*ТЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Топ ішінде талқылайды.*<br>*ҚБ*<br>***«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі*** *арқылы әр топ келесі топтардың жұмысын бағалайды* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сан түрлі тіл меңгереміз,<br>айдындап ой қарқыны.<br>Ал ғаламдық ортақ тілсіз -<br>Бірлік - гүлсіз, сенім - нұрсыз,<br>Бірақ ана тіліңе оның түспеу керек салқыны.<br>Бұл табиғи жолдан айну қырсық қаупін өсірер.<br><br>**3. SWOT – талдау.**<br>көтерілген мәселе мен негізгі идеясын, көркемдік ерекшелігін талдайды. | | | |
| Сабақтың соңы<br>мин | Үй тапсырмасы:<br>Өлеңді мәнерлеп оқу<br>Рефлексия:<br>***«Ашық микрофон » әдісі бойынша***<br>*Сабақтан қандай әсер алдыңдар?*<br>*Сабақта өзіңе не ұнады?* | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 6-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Достық пен махаббат | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның достық туралы өлеңдері. Ақын шығармаларындағы достық пен махаббат, жастық шақ туралы | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>**Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Атом және молекула»<br><br>Менің көңіл-күйім \|  \|  \|  | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | . | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1. «Миға шабуыл» әдісі:.**<br>(интербелсенді тақтадан достық туралы бейне-ролик көрсетіледі).<br>**2. Өлеңді мәнерлеп оқиды**<br>Өзендер мен көлдердің,<br>Көлден шалғай шөлдердің,<br>Биіктер мен алыптардың,<br>Жылулар мен жарықтардың арасын<br>Жалғап келген бір ән бар.<br>Парасатты мұңданудан<br>Жерді қирап күл болудан,<br>Таңды қарадүрсіндіктен,<br>Адамдарды күншілдіктен<br>Қорғап келген бір ән бар:<br>Ол ән - ұлы достық әні, негізгі әні ғаламның,<br>Ол ән - ұлы махаббаты менің сайын даламның,<br>Дала көңіл бабамның.<br>Сол екі ән гүлденер жер<br>Салмақ тауып саналы.<br>Сол екі әнді білмегендер<br>Өмір сүрдім демесе де болады.<br>**3. Тапсырма**<br>**Өлеңге сатылай кешенді талдау жасайды** | *ЖЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңмен танысады;талдайды.*<br><br>*ҚБ Ашық микрофон* | |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Рефлексия:<br>**Рефлексия:**<br>*« Білім желкені »әдісі бойынша*<br>▪ Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орынған болсаң,желкенді жасыл түсті боя;<br>▪ Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң,желкенді сары түске боя;<br>Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып,мұғалімнің көмегі қажет болса,желкенді қызыл түске боя. | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 7-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | | Қатыспаған оқушылар саны: |

<table>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="4">Арыс жағасында</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="4">Ақынның сөзіне жазылған ән мәтіндерімен танысу, әндерін айтып үйрену, ән мәтінін талдау</td></tr>
<tr><td colspan="5">Алдыңғы сабақ:</td></tr>
<tr><td>Жопс.уақыт</td><td>Сабақ барысы</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы мин</td><td>1. Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>«Өрмекші торы»<br>Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады, жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өрмекші торын жасап, бір-біріне тілек айтады.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы мин</td><td>1.Жаңа сабақ. Ән мәтінімен танысады<br>Өзіңмен Арыстың<br>Бойында таныстым.<br>Жайнаған гүлдей құрбым сен,<br>Жағада тұрдың сен.<br>Қайырмасы:<br>Жаз еді күлкің де,<br>Қайдасың бұл күнде,<br>Сені іздеп, арманым,<br>Сыр бойын шарладым.<br>Алдыңда бір бақыт,<br>Тұрғандай тіл қатып.<br>Толқынға қарап ойлана,<br>Әндеттің жай ғана.<br>Қайырмасы.<br>Нұр шашып көзіңнен,<br>Бір нәзік сезіммен.<br>Жібектей шашың толқындап,<br>Қалып ең қол бұлғап.<br>Қайырмасы.<br>2-апсырма.<br>«Шаханов шығармаларының көркемдік ерекшелігі» тақырыбында эссе жазады</td><td>ЖЖ<br><br>ЖЖ</td><td>Дескриптор: Өлеңді мәнерлеп оқиды; Көркемдік ерекшелігін талдайды<br>Дескриптор: Тақырыпты ашады; Өзіндік көзқарасын білдіредіэссе жазады</td><td>Ақынның портреті, презентация, ән мәтіні</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br>**Рефлексия:**<br>*«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша*<br>1. Бүгін мен не білдім...<br>2. Не қиындық туғызды...<br>3. Маған маңызды болды...<br>Бүгінгі сабаққа бір ұсыныс,бір тілектеріңіз болса,стикерге жазып,маған жинап берулеріңе болады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 8-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Поэзия сабағы | | |
| Оқу мақсаты: | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | | |
| | | | |

| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**«Заряд алу»(сергіту сәті) | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1. «Ойымды жалғастыр...» әдісі**<br>Оқушылар шеңберде тұрып үй тапсырмасы бойынша алдыңғы сабақтарда жатқа берілген өлеңдерді кезекпен жалғастырып жатқа айтады.<br><br>**2. SWOT – талдау**<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді, әр топқа әртүрлі тақырыптағы ақын өлеңдері беріледі. Топтық жұмыста<br>оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып, көтерілген мәселе мен негізгі идеясын, көркемдік ерекшелігін талдайды. | *ЖЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Ақын өлеңін жатқа оқиды*<br>*Бір-бірін жалғастырады.*<br>***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Топ ішінде талқылайды.* | Презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>М.Шаханов туралы жазылған шығармалар бойынша мәлімет жинау.<br>Рефлексия:<br><br> | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 9-сабақ | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Туған жер | | | |
| Оқу мақсаты: | Туған жерге арналған жырларын талдау | | | |
| | | | | |
| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>**«Өрмекші торы»** | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1.«Миға шабуыл» әдісі:**<br>Интербелсенді тақтадан достық туралы мақал-мәтелдердің алғашқы бөлігі көрсетіледі. Оқушылар жалғасын анықтап, мақал-мәтелдер сабақ тақырыбымен байланыстырылады.<br>1. Дос жылатып айтар ........................................<br>2. Досы көпті жау алмайды, ................................................<br>3. Досы көпті.................<br>4. Ағаш тамырымен, ......................................<br>5. Жүз теңгең болғанша, .............<br>**2.Өлеңге сатылай кешенді талдау жасайды** | *ЖЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Сатылай кешенді талдау жасайды*<br><br>***Дескриптор:*** | Ақынның портреті, презентация |




| | | | |
|---|---|---|---|
| | **3. Ж. Тапсырма**<br>Семантикалық карта арқылы талдау | *Семантикалық карта арқылы талдау жасайды*<br>*Өзіндік пікірін білдіреді.* | |

| Мұхтардың өлеңдері | Өлеңдерінің негізгі тақырыбы | Ақын шығарма туралы пікірің |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>мин | **Үй тапсырмасы:**<br>Туған жер туралы ойтолғау жазу<br>**Рефлексия:**<br>*«Б-Б-Б»әдісі бойынша* | |

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 10-сабақ | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Қазақтың бас бұлшық еті | | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның белгілі тұлғаларға арнаған өлеңдерін талдау | | | |
| | | | | |
| Жоспс.уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы<br>мин | **1.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2.Психологиялық ахуал орнату:**<br>*«Шаттық шеңбері» әдісі*<br>Оқушылар шеңберде бір-біріне жылы тілектерін білдіреді. | ***«Өрмекші торы»***<br>*Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады, жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өрмекші торын жасап, бір-біріне тілек айтады* | *Жарайсыңдар!* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ ортасы мин | **1.«Галереяны шарлау» әдісі. ЖЖ**<br>Оқушылар сынып ішінде қабырғаларға ілінген суреттер мен мәліметтермен танысады. Танысқан ақпараттарды жұпта талқылайды:<br>***2.*«Мәнерлеп оқы»**<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды. Мазмұнын ашып, тақырыбы мен идеясына талдайды.<br>. | *Оқушылар ақпарат бойынша маңызды мәліметтерді түртіп алады.* | ***Дескриптор:***<br>*Ақпаратпен танысады;*<br>*Жұппен талқылайды.*<br>***Дескриптор:***<br>*Өлеңнің мазмұнын ашады*<br>*Тақырыбын, идеясын анықтайды*<br>*ҚБ*<br>*Мұғалімнің кері байланысы* | Фотосуреттер |

| | |
|---|---|
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br><br>**Рефлексия:**<br>*«Б-Б-Б»әдісі бойынша* |

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 11-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Ақ бантик | | |
| Сабақ мақсаты: | Қазақ музыка тарихында кең танылып, әннің мәтіні болған өлеңдерімен танысу және әндерін айтып үйрену, ән мәтінін талдау | | |

| Жопс. уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>Айнала қоршала тұрып, «Шаттық шеңберін» құрып, оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ ортасы мин | **1. «Бір минуттық әңгіме» тәсілі**<br>**Жұптық жұмыс**<br>Оқушылар жұптық жұмыста үйге берілген тапсырма бойынша ақын өмірі мен шығармашылығына байланысты дайындаған жұмыстарын бір-бірімен бөліседі.<br>**2.Ән мәтінімен танысады, ән салады**<br>Балауса қыз едің бір кезде<br>Шашыңа ақ бантик байлаған.<br>Өзгеріп кетіпсің бұл күнде<br>Көркіңе көз тастап ойланам<br><br>Қайырмасы<br>Нұрлы бейнең қандай жарқын!<br>Арманысың қандай жанның?<br>Шынарым-ай,<br>Сен – мөлдірсің, еркем,<br>Тау бұлағындай<br>Жол жатыр шақырып алдыңда,<br>Өмір тұр ұсынып шаттығын.<br>Білмеймін бойжетіп қалдың ба?<br>Шашыңда ақ бантик жоқ бүгін. | *Ж.Ж* | ***Дескриптор:***<br>*Ән мәтінімен танысады*<br>*Ән салады*<br>***ҚБ***<br> | Презентация<br>Реферат |
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы**<br>**Рефлексия:**<br>***«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша***<br>4. Бүгін мен не білдім...<br>5. Не қиындық туғызды...<br>6. Маған маңызды болды... | | | Стикерлер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 12-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Қуаныш вальсі | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның сөзіне жазылған ән мәтіндерімен танысу, әндерін айтып үйрену, ән мәтінін талдау | | |

| Жоспар.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Мен елімді мақтан етемін, өйткені...» | | Жарайсыңдар! | |
| Сабақ ортасы мин | **Үнтаспадан ақынның өлеңдері тыңдатылады**<br><br>**1.Ән мәтінімен жұмыстанады. Оқушылар шығарманың тілін талдайды.**<br>Жадырап жанымыз,<br>Жарасып әніміз,<br>Болашақ бүгіннен басталғандай.<br>Нұр құйып көңілге,<br>Жол сілтеп өмірге,<br>Арман тұр асқақтап асқар таудай.<br>Қайырмасы:<br>А-а-ай, а-а-ай,<br>Қуаныш көрем көзіңнен,<br>Өзіңмен, жан құрбым,<br>Қосылды тағдырым,<br>Қосылған қос өзен секілденіп.<br>Өзің боп өлеңім<br>Шаттыққа бөлендім,<br>Сәулешім, сенімен танысқалы.<br>Теңізге телегей<br>Жол тартқан кемедей,<br>Бойдақтық бізден де алыстады.<br>Қайырмасы.<br>Достарсыз бұл күнде<br>Күн кешу мүмкін бе,<br>Досымыз көбейсін, келе берсін.<br>Жайнай бер, жасқанбай,<br>Мөлдір боп аспандай,<br>Кірлетпе көңілдің терезесін | ЖЖ | ***Дескриптор:***<br><br>***Мәтінді талдайды***<br>***Тілдік ерекшеліктеріне талдайды***<br>***ҚБ***<br> | Ақынның портреті, презентация<br><br>Үнтаспа<br><br>Қабырға газеттері |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:Өлеңді жаттап алу<br>Рефлексия:<br>**«Ашық микрофон» әдісі**<br>Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>Сабақта өзіңе не ұнады? | | | |

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td>13-сабақ</td><td>Күні:</td><td colspan="3">Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td colspan="2">Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="3">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="5">Жанерке</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты:</td><td colspan="5">Ақынның достық туралы өлеңдері. Ақын шығармаларындағы достық пен махаббат туралы талдау</td></tr>
<tr><td colspan="6">Алдыңғы сабақ:</td></tr>
<tr><td>Жопс.уақыт</td><td colspan="2">Педагог әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>мин</td><td colspan="2">1. Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>«Мен жақсы доспын, себебі...»</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы<br>мин</td><td colspan="2">1.«Миға шабуыл» әдісі:<br>Интербелсенді тақтадан достық туралы мақал-мәтелдердің алғашқы бөлігі көрсетіледі. Оқушылар жалғасын анықтап, мақал-мәтелдер сабақ тақырыбымен байланыстырылады.<br>1. Дос ..................................<br>2. Достық.......................................<br>3. Жолдасың жаман болса............<br>2.Мәнерлеп оқы. Рух пен тіл өлеңі беріледі<br><table><tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr><tr><td>Идеясы</td><td></td></tr><tr><td>Жанры</td><td></td></tr><tr><td>Шумақ саны</td><td></td></tr><tr><td>Тармақ саны</td><td></td></tr><tr><td>Буын саны</td><td></td></tr><tr><td>Бунақ саны</td><td></td></tr><tr><td>Ұйқас</td><td></td></tr><tr><td>Тіл көркемдігі</td><td></td></tr></table></td><td>ЖЖ<br><br>ТЖ</td><td>Дескриптор:<br>Мақал-мәтелдердің жалғасын анықтайды;<br>Тақырыппен байланыстырады.<br>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>Өлең құрылысына талдайды.</td><td>Ақынның портреті<br>кесте</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br>«Досы көпті жау алмас» тақырыбында ойтолғау жазу.<br>Рефлексия:<br>**Рефлексия:**<br>*«Тазалық ойыны »әдісі бойынша*<br>***Шабадан***-әрі қарай менің керегіме жарайды.<br>***Ет тартқыш***-алған ақпаратты өңдеймін.<br>***Себет***-барлық ақпаратты тастаймын. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 14-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Арман | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын поэзиясындағы адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, қайырымдылық қасиеттерінің көрінісі | | |
| Алдыңғы сабақ: | | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Дос жылатып айтады,дұшпан күлдіртіп айтады» тренингі | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1.«Мақал сөз мәйегі»**<br>Адамгершілік, еңбекқорлық, қайырымдылық тақырыбында мақалдар айтады<br><br>**2.Өлеңді мәнерлеп оқиды, талдайды**<br><br>**3. SWOT – талдау.**<br>көтерілген мәселе мен негізгі | *ЖЖ*<br><br>*ЖЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Топ ішінде талқылайды.*<br>*Көркемдік ерекшелігіне талдайды*<br>*ҚБ*<br>***«Екі*** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | идеясын, көркемдік ерекшелігін талдайды. | | ***жұлдыз, бір тілек» әдісі*** *арқылы әр топ келесі топтардың жұмысын бағалайды* | |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Өлеңді мәнерлеп оқу<br>Рефлексия:<br>***«Ашық микрофон » әдісі бойынша***<br>*Сабақтан қандай әсер алдыңдар?*<br>*Сабақта өзіңе не ұнады?* | | | Стикерлер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 15-сабақ | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Төрт ана | | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын шығармаларының көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап әдеби эссе жазу | | | |
| | | | | |
| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Атом және молекула»<br>Менің көңіл-күйім <br>. | | Жарайсыңдар! | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ ортасы мин | **1. «Миға шабуыл» әдісі:.** Ақынның «Өмір -өзен.» өлеңі тыңдатылады (интербелсенді тақтадан бейне-ролик көрсетіледі).<br>**2. «Джигсо» әдісі**<br>Оқушылар тыңдаған өлеңде көтерілген мәселені, көркемдік ерекшелігін талдайды.<br>**3. Ж. Тапсырма**<br>**Өлеңге сатылай кешенді талдау жаса** | *ЖЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңмен танысады;*<br>*Көркемдік ерекшелігін талдайды.* | |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br><br>Рефлексия:<br>**Рефлексия:**<br>*« Білім желкені »әдісі бойынша*<br>▪ Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орынған болсаң,желкенді жасыл түсті боя;<br>▪ Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң,желкенді сары түске боя;<br>Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып,мұғалімнің көмегі қажет болса,желкенді қызыл түске боя. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 16-сабақ | | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | | Қатыспаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Жалын | | | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның заман көрінісін, қоғам қайшылықтарын жан-жақты танытудағы шеберлігін талдау | | | | |
| Алдыңғы сабақ: | | | | | |
| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар | |
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Өрмекші торы»**<br>Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады, жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өрмекші торын жасап, бір-біріне тілек айтады. | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1.Жаңа сабақ. Жалын өлеңімен танысады**<br>Өтудесің,<br>өтесің замандарым,<br>Құпиям көп ұқпаған, түсінбеген.<br>Әкем менің жек көрген адамдарын<br>"Жалыны жоқ сорлы" деп мүсіркеген.<br>Алдан іңкәр үміттің жолын көрем,<br>Жолын көрем,<br>Жанымнан жалын көрем.<br>Мүсіркетпе тағдырым мені ешкімге,<br>Мүсіркеген адамның қолында өлем.<br>Ғасырына он берген,<br>Ерлер аз бап шапағатын ел көрген,<br>Жас шағында-ақ заманының заңғар ойын меңгерген.<br>Керісінше, сақал-шашын күнге ағартқан қарттар бар,<br>Жасы жүзге келгенмен.<br>Даңқы шырқау ел рухын айқындайтын деңгейдің,<br>Жас кезінде жалыны жоқ жігіттің,<br>Жас кезінде дарыны жоқ жігіттің<br>Ертең ерлік жасарына сенбеймін.<br>Иә, жастық  бола алмайды ешқашанда жарлы ұғым,<br>Аяу керек<br>Жастық отын ерте өшіріп алғандардың барлығын!<br>.<br> **2.Мәнерлеп оқып, талдайды, сұрақтарға жауап береді.**<br><br>**3.Ойтолғау жазады**<br>«М.Шазхановтың шығармаларының көркемдік ерекшелігі» тақырыбында шағын ойтолғау жаз. (Алдыңғы сабақтарда танысқан шығармаларының тілдік ерекшелігін талдай отырып, өзіндік көзқарасын білдіреді). | .<br>ЖЖ | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді талдайды*<br>*Көркемдік ерекшелігін талдайды*<br><br>***Дескриптор:***<br>*Тақырыпты ашады;*<br>*Өзіндік көзқарасын білдіреді* | Өлең мәтіні |
| | **Үй тапсырмасы:Ө**леңді жаттау.<br>**Рефлексия:***«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша* | | | |

| | |
|---|---|
| Сабақтың соңы мин | 4. Бүгін мен не білдім...<br>5. Не қиындық туғызды...<br>6. Маған маңызды болды...<br>Бүгінгі сабаққа бір ұсыныс,бір тілектеріңіз болса,стикерге жазып,маған жинап берулеріңе болады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 17-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Поэзия сабағы | | |
| Оқу мақсаты: | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | | |

| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Заряд алу» (сергіту сәті) | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1. «Ойымды жалғастыр...» әдісі**<br>Оқушылар шеңберде тұрып үй тапсырмасы бойынша алдыңғы сабақтарда жатқа берілген өлеңдерді кезекпен жалғастырып жатқа айтады.<br><br>**2. SWOT – талдау**<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді, әр топқа әртүрлі тақырыптағы ақын өлеңдері беріледі. Топтық жұмыста оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып, көтерілген мәселе мен негізгі идеясын, көркемдік ерекшелігін талдайды. | *ЖЖ*<br><br><br><br><br>*ТЖ* | ***Дескриптор:***<br>Ақын өлеңін жатқа оқиды;<br>Бір-бірін жалғастырады<br><br>***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Топ ішінде талқылайд* | Презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *ы.* | |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Мұхтар Шаханов туралы жазылған шығармалар туралы мәлімет жинау.<br>Рефлексия:<br><br> | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 18-сабақ | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Наурыз | | | |
| Оқу мақсаты: | Ақын өлеңдеріндегі салт –дәстүрлер көрінісін талдау | | | |
| | | | | |
| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | | | ресурстар |
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату: «Өрмекші торы»** | | Мадақтау | |
| Сабақ ортасы мин | **1.«Конверттегі сұрақ» әдісі. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылады.**<br><br>**2.Наурыз өлеңін мәнерлеп оқиды**<br>Қанша ғасыр сән берген даламызға<br>Өзгеше бір әні едің байтақ елдің,<br>Сәлем, Наурыз!<br>Сен біздің арамызға<br>Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.<br>Сен ең көне жырысың санамыздың,<br>Рухи шаттығымсың тасып толған.<br>Сені тойлап, бабасы бабамыздың<br>Әжемнің әжесіне ғашық болған.<br>Сен бүгін арнасысың дара күйдің, | *Ж*<br>*Ж* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Сатылай кешенді талдау жасайды*<br>***Дескриптор:***<br>*Семантикалық карта арқылы талдау* | |

Сан пейілдің төрінен күлімдейсің.
Сен менің ұлы бабам Фарабидің
Кешігіп елге жеткен үніндейсің.
Басыңды көтер, қане, күн қақтаған,
Сен енді басқа айқайға бұрылмайсың.
Тымырсық, тылсым жылдар тыңдатпаған
Сен бізге Шәкәрімнің жырындайсың.
Ғасырды көктеп өтіп сұңқар сезім,
Немерем тік көтеріп уақыт туын,
Ғашығына арнаған іңкәр сөзін
Өзіңнің тойыңда айтса - бақыттымын!

*жасайды;*
*Өзіндік пікірін білдіреді.*

**2.Өлеңге сатылай кешенді талдау жасайды**




**3.Семантикалық карта арқылы талдау**

| Фаризаның өлеңдері | Өлеңдерінің негізгі тақырыбы | Ақын шығар туралы пікірі |
|---|---|---|
| | | |

| | |
|---|---|
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br>**Рефлексия:**<br>*«Б-Б-Б»әдісі бойынша* |

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 19-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Қалдаяқов өзені | | |
| Оқу мақсаты: | Ұлы тұлғаларға арналған өлеңдерін талдау | | |
| | | | |

| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br> | | | |
| Сабақ ортасы<br>мин | **1.«Галереяны шарлау» әдісі. ЖЖ**<br>Оқушылар сынып ішінде қабырғаларға ілінген Ш.Қалдаяқов туралы мәліметтермен танысады. Танысқан ақпараттарды жұпта талқылайды:<br>**2. «Мәнерлеп оқы»**<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды. Мазмұнын ашып, тақырыбы мен идеясына талдайды.<br>Бар қазақты тамсандырған,<br>Таңнан-таңға ән салдырған,<br>Өзің әнмен қарсы алдырған Шәмші едің,-<br>Зорсығанның көбісі құры сүлде,<br>Ешкім көзі тірісінде<br>Ән көгінен дәл өзіндей таба алған жоқ нар сенім,<br>Қандай ғажап кереметің бар сенің.<br>Ұлылыққа еліктегіш отсыз, нәрсіз көздер көп,<br>Біреулер жүр саусағының көмегімен сазгер боп,<br>Ал сен ұлы жүрегіңмен,<br>Пейіліңмен,тілегіңмен,<br>Күллі тамыр тірегіңмен,<br>Дарын едің алдына жан салмаған,<br>Ұлт сезімін арқалаудан талмаған.<br>Отырардың еңкеймеген рухын<br>Әр қазаққа ән арқылы жалғаған.<br>Бәлкім, содан маңдайыңның қасіреті тым қалың,<br>Пенделік пен кенделікті көп көрсең де сынбадың.<br>Заманыңда ұшырсаң да әннің небір сұңқарын,<br>Тіпті сазгер қоғамына мүше болмай кеттің-ау, | *Оқушылар ақпарат бойынша маңызды мәліметтерді түртіп алады.* | ***Дескриптор:***<br>*Ақпаратпен танысады;*<br>*Жұппен талқылайды.*<br>***Дескриптор:***<br>*Өлеңнің мазмұнын ашады*<br>*Тақырыбын, идеясын анықтайды* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ерлік шығар сондай сәтте еңкейместен тұрғаның.<br>Өкпелеме қазағыңа, өкпелеме, іңкәрім.<br>Жігіттің бір жарқыны едің,<br>Дәуірдің сом алтыны едің<br>Едің және арайы.<br>Бірақ сенен әлдеқайда қымбатқа<br>Бағаланды қалайы,<br>Солай көшкен бұл даладан ұлылардың талайы.<br>Мына шақта, ізгіліктің тауы тозған кезеңде,<br>Қырандардан қораздар мен тауық озған кезеңде,<br>Хас тұлпарды топ жабағы<br>Қалың шаңға жауып озған кезеңде,<br>Айналдың сен енді ешкім бөгей алмас өзенге.<br>Енді саған өшпес, өлмес атақ, даңқтың кезегі<br>Келгендігін досың, түгіл қастарың да сезеді.<br>Кеш болса да жадырап ақ, еркелеп ақ еліңе<br>Ұлтымыздың ұлы өзені, Қалдаяқов өзені. | | | |
| Сабақтың<br>соңы<br>мин | **Үй тапсырмасы**<br>**Рефлексия:**<br>***«Бас, жүрек, қол» әдісі***<br>**Бас** – шығармадан не түйдім?<br>**Жүрек** – шығарманы оқу барысында қандай сезімде болдым?<br>**Қол** – не пайдалы болды немесе нені алдағы уақытта қолданамын.<br> | | | |

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td>20-сабақ</td><td>Күні:</td><td colspan="3">Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td colspan="2">Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="3">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="5">Арал қасіреті</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="5">Саяси бағыттағы өлеңдерін</td></tr>
<tr><td colspan="6"></td></tr>
<tr><td>Жопс.уақы</td><td colspan="2">Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушын</td><td>Бағалау</td><td>Рес</td></tr>
</table>

| т | | ың әрекеті | | урс тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **3. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**4. Психологиялық ахуал орнату:** | | Жарайсыңдар! | |
| Сабақ ортасы мин | **1.Өлеңді мәнерлеп оқиды**<br>Кемелер жүздірген шағылтып желкенін айға,<br>Тау толқын төсінде тербелген ерке күн қайда?<br>Қайда сол дәуренің тағдырдан күш-қуат сезген,<br>Шағала көктемнің дүркіреп ұшты ма көзден?<br><br>Қайырмасы:<br>Сенемін саған,<br>Тұрғанда аман<br>Адамдық күші, ой күші.<br>Аралым менің,<br>Жанарым менің,<br>Халқымның ұлы қайғысы.<br><br>Бұл өлке қалайша болады азап түнегі,<br>Ежелгі мұң-зарың аз ба еді, қазақтың елі?<br>Қайтемін, Аралым, бүгінде қалды сүлдерің,<br>Төзімі еліне ұқсаған көнбісім менің.<br><br>Аралым, күн туды басыңа дүрбелең - кереӊ,<br>Кім ұқпақ, шалды, анау өзіңмен бірге өлем деген.<br>Безбүйрек ғасырың қағады қанатын үнсіз,<br>Бір жылда екі ұлын жоғалтқан ана тұр тілсіз.<br><br>**2.Сатылай кешенді талдау** | *ЖЖ.* | ***Дескриптор:****Мәнерлеп оқиды.*<br>Сатылай кешенді талдау жасайды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тақырыбы | | | |
| Идеясы | | | |
| Жанры | | | |
| Шумақ саны | | | |
| Тармақ саны | | | |
| Буын саны | | | |
| Бунақ саны | | | |
| Ұйқас | | | |
| Тіл көркемдігі | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>мин | **Үй тапсырмасы:**<br><br>**Рефлексия:**<br>*«Б-Б-Б»әдісі бойынша* | | | |

| Білемін | Білдім | Біл |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

| Мектебі: | 21-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Желтоқсан тағылымы | | |
| Сабақ мақсаты: | Саяси бағыттағы өлеңдерін талдау | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>Айнала қоршала тұрып, «шаттық шеңберін» құрып, оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. | | | |
| Сабақ | | *Ж.* | ***Дескриптор:*** | Презе |

<table>
<tr>
<td>ортасы<br>мин</td>
<td>1.Өлеңді мәнерлеп оқып, талдайды<br>Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,<br>Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.<br>Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,<br>Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның!<br><br>Қайырмасы:<br>Арманыңның атын,<br>Жігеріңнің отын<br>Өшіре алмас асау желі уақыттың.<br>Егер кім қанша<br>Уайымсыз болса,<br>Нақ сол адам құнын білмес бақыттың.<br><br>Темір қолдар қуатты еді алқымыңды қаусырған,<br>Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.<br>Жалғыз қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,<br>Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.<br><br>Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,<br>Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.<br>Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің<br>Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!<br>2.Сатылай кешенді талдау
<table>
<tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr>
<tr><td>Идеясы</td><td></td></tr>
<tr><td>Жанры</td><td></td></tr>
<tr><td>Шумақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Тармақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Буын саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Бунақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұйқас</td><td></td></tr>
<tr><td>Тіл көркемдігі</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Ж</td>
<td>Өлеңді талдайды Сатылай кешенді талдау жасайды</td>
<td>нтаци<br>я<br>Рефер<br>ат</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы мин | **Үй тапсырмасы:**<br>**Рефлексия:**<br>***«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша***<br>7. Бүгін мен не білдім...<br>8. Не қиындық туғызды...<br>9. Маған маңызды болды... | | | Стикерлер |

| Мектебі: | 22-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Түсінісу теоремасы | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның белгілі тұлғаларға арналған өлеңдерін талдау | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br><br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Мен елімді мақтан етемін, өйткені...» | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1.Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**Зымыран сұрақтар**<br>**2.«Галереяны шарлау» әдісі.**<br>**3.«Түсінісу теоремасы» Мәнерлеп оқып, талдайды.**<br>Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар...<br>Қара бұлттай қайғы жапты бөлмені.<br>Адамзаттың алғыр, ұлы қыраны<br>Лев Толстой жатыр еді өлгелі.<br>Әйелі кеп қолын сүйіп, жылады:<br>"Тежей алмай мінезімнің тасырын<br>Өзіңменен өтті жарты ғасырым.<br>Мен бейбақты кешіре гөр.<br>Күнәм көп...<br>Кешіре гөр,<br>Кешіре гөр, асылым?!" | *Оқушылар сынып ішінде қабырғаларға ілінген кейіпкерлермен танысып, мәліметтер алады. Танысқан ақпараттарды* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды, Талдайды.* | Үнтаспа<br><br>Қабырғ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Өткен күнің оймен шолып алыстан<br>Үнсіз, іштей күбірледі данышпан:<br>"Жә, кемпірім,<br>Жасыңды тый,<br>Жетті енді,<br>Жылап ешкім қайыра алмас өткенді.<br>Қаштым сенен...<br>Саған жақын жүргенше,<br>Артық көрдім жиһан кезіп кеткенді.<br>Жалғыз сенен қаштым ба екен мен бірақ,..<br>Ресейден бөлінбестей болдым-ақ,<br>Із бастадым күртік қарды омбылап.<br>Күллі әлемді тамсандырған ақылым<br>Сенен қолдау таппағаны қорлық-ақ.<br>Бір шындық бар еншімнің жоқ таласы –<br>Ұл-қызымның болдың ғазиз анасы.<br>Қартайғанда түсініспей, әттең-ай,<br>Жолымыздың қырсыққанын қарашы.<br>Дей алмаймын: "Маңдайымның сорысың.<br>Қамқорым боп создың қанша қол ұшын.<br>Бірақ мені түсінбедің.<br>Түсінуге және де Тырыспадың...<br>Кешірмеймін сол үшін,<br>Кешірмеймін сол үшін..."<br>Күллі адами пенделікпен алысқан<br>Қыран ойы тұрақ таппай ғарыштан,<br>Әйеліне қарап терең күрсіне<br>Мәңгілікке көзін жұмды данышпан. | *жұпта талқылай ды:* | | а газ етт ері |

| | |
|---|---|
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Ақынның достық тақырыбындағы өлеңдерімен танысу<br>Рефлексия:<br>**«Ашық микрофон» әдісі**<br>Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>Сабақта өзіңе не ұнады? |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 23-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Өркениеттің адасуы | | |
| Оқу мақсаты: | Ақынның заман көрінісін, қоғам қайшылықтарын жан-жақты танытудағы шеберлігін талдау | | |
| | | | |

<table>
<tr><th>Жопс.уақыт</th><th>Педагог әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>мин</td><td>1. Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>«Мен жақсы доспын, себебі...»</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы<br>мин</td><td>1.«Миға шабуыл» әдісі:<br>Интербелсенді тақтадан түрлі тақырыпта мақал-мәтелдердің алғашқы бөлігі көрсетіледі.<br>Оқушылар жалғасын анықтап, мақал-мәтелдер сабақ тақырыбымен байланыстырылады.<br>1. Өз елің ......<br>.........................................<br>2. Адамгершілік...<br>3. Адамның адамгершілігі м.............<br>2.Мәнерлеп оқы. Үзінділерді оқып, талдайды.<br><table>
<tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr>
<tr><td>Идеясы</td><td></td></tr>
<tr><td>Жанры</td><td></td></tr>
<tr><td>Шумақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Тармақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Буын саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Бунақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұйқас</td><td></td></tr>
<tr><td>Тіл көркемдігі</td><td></td></tr>
</table></td><td>ЖЖ</td><td>Дескриптор:<br>Мақал-мәтелдердің жалғасын анықтайды;<br>Тақырыппен байланыстырады.<br>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>Өлең құрылысына талдайды.</td><td>мәтін</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>мин</td><td colspan="4">Үй тапсырмасы:<br>«Отан –қуат, отбасы-шуақ» тақырыбында ойтолғау жазу.<br>Рефлексия:<br>Рефлексия:<br>«Тазалық ойыны »әдісі бойынша<br>Шабадан-әрі қарай менің керегіме жарайды.<br>Ет тартқыш-алған ақпаратты өңдеймін.<br>Себет-барлық ақпаратты тастаймын.</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 24-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Поэзия сабағы | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | | |
| Алдыңғы сабақ: | | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Дос жылатып айтады,дұшпан күлдіртіп айтады» тренингі | | | |
| Сабақ ортасы<br>мин | **1. «Мақал сөз мәйегі» Адамгершілік тақырыбында мақалдар айтады**<br><br>**2.Өлеңдерді жатқа , мәнерлеп оқиды**<br> | *ЖЖ*<br><br>*ЖЖ*<br><br>*ТЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Топ ішінде талқылайды.*<br>*ҚБ*<br>***«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі*** *арқылы әр топ келесі топтардың жұмысын бағалайды* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Өлеңді мәнерлеп оқу<br>Рефлексия:<br>***«Ашық микрофон » әдісі бойынша***<br>*Сабақтан қандай әсер алдыңдар?*<br>*Сабақта өзіңе не ұнады?* | | | |

| Мектебі: | 25-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Махаббатты қорғау. Ғайша жеңгей | | |
| Сабақ мақсаты: | Поэмаларының негізгі тақырыбы мен идеясын ашу | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурс |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>**Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Атом және молекула» | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1. «Конверттегі сұрақтар»**<br><br>**2. Поэманы оқып, талдайды**<br>**3.«Т кестесі»** | ЖЖ | ***Дескриптор:***<br>*Поэмамен танысады, талдайды.* | |

| Менің көңіл-күйім |  |  |  |
|---|---|---|---|

| *Тақырыбы* | *Идеясы* |
|---|---|
| | |

Сабақтың соңы мин

Үй тапсырмасы:
Рефлексия:
**Рефлексия:**
*« Білім желкені »әдісі бойынша*

- Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орынған болсаң,желкенді жасыл түсті боя;
- Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң,желкенді сары түске боя;

Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып,мұғалімнің көмегі қажет болса,желкенді қызыл түске боя.

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td>26-сабақ</td><td>Күні:</td><td>Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td>Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="2">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="3">Нарынқұм зауалы</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="3">Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне талдау жасау</td></tr>
<tr><td colspan="4"></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Жопс.уақыт</td><td>Сабақ барысы</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>мин</td><td>1. Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>«Пазылдар»</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы<br>мин</td><td>1.«Жебе» әдісі бойынша. Сұрақтарға жауап береді.<br>1. Тақырып деген не?<br>2. Идея деген не?<br>3. Ақынның қандай поэмаларын білесің?<br>4. М.Шахановтың поэмаларының басым бөлігі қандай тақырыпта жазылған ?<br>5. Монолог, диалог деген не?<br>2.Поэманы рөлге бөліп оқып, талдайды.<br>3. Поэманы талдайды
<table>
<tr><td>Фигура</td><td>Троп</td><td>Айшықтау</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>ЖЖ</td><td>Дескриптор:<br>Поэманы рөлге бөліп оқиды,<br>Көркемдік ерекшелігін талдайды</td><td>мәтін</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>мин</td><td colspan="2">Үй тапсырмасы:<br>Рефлексия:<br>«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша<br>7. Бүгін мен не білдім...<br>8. Не қиындық туғызды...<br>9. Маған маңызды болды...<br>Бүгінгі сабаққа бір ұсыныс,бір тілектеріңіз болса,стикерге жазып,маған жинап берулеріңе болады.</td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

| Мектебі: | 27-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Поэзия сабағы | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | | |

| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Заряд алу» (сергіту сәті) | | | |
| Сабақ ортасы<br>мин | **1. «Ойымды жалғастыр...» әдісі**<br>Оқушылар шеңберде тұрып үй тапсырмасы бойынша алдыңғы сабақтарда жатқа берілген өлеңдерді кезекпен жалғастырып жатқа айтады.<br><br>**2. «Синквейн» әдісі.**<br>Синквейн - бес жолды өлең әдісі<br>1 жолы - зат есім<br>2 жолы - етістік<br>3 жолы - сын есім<br>4 жолы - соған қатысты сөйлем<br>5 жолы бірінші жолдағы сөзге синоним | *ЖЖ* | ***Дескриптор:***<br>Ақын өлеңін жатқа оқиды;<br>Бір-бірін жалғастырады.<br>*Өлең шығарады*<br>*ҚБ*<br>***«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі*** | Презентация |
| Сабақтың соңы<br>мин | Үй тапсырмасы:<br>Рефлексия: | | | |



| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 28-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Танакөз | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне талдау жасау | | |

| Жопс.уақыт | Сабақ барысы | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br> | | | |
| | **Жаңа сабақ.**<br>**1.“Танакөз” поэмасы**<br>Поэма мазмұнымен толықтай танысады<br><br>**2.Шығарманың оқиға желісі бойынша сюжеттік жоспар құрады**<br>Оқиғаның басталуы:<br>Байланысы:<br>Дамуы:<br>Шиеленісуі:<br>Шарықтау шегі:<br>Шешімі:<br><br>**3.«Конферттегі сұрақ» әдісі. Шығарма бойынша сұрақ қойылады** | ЖЖ | ***Дескриптор:***<br>*Поэманы оқиды;*<br>*Поэмаға композициялық талдау жасайды*<br>*Сатылай кешенді талдау жасайды* | |

<table>
<tr><td></td><td>4.Өлеңге сатылай кешенді талдау жасайды<br><br></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың<br>соңы<br>мин</td><td colspan="2">Үй тапсырмасы:<br>Рефлексия:<br>«Б-Б-Б»әдісі бойынша<br><table><tr><td>Білемін</td><td>Білдім</td><td>Білгім келеді</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td>29-сабақ</td><td>Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td>Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="3">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="4">Күретамырды іздеу</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="4">Ақынның поэма жазудағы шеберлігіне талдау жасау</td></tr>
<tr><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Жопс.уақыт</td><td>Сабақ барысы</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың<br>басы<br>мин</td><td>1. Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>2. Психологиялық ахуал орнату:<br><br></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ<br>ортасы<br>мин</td><td>Жаңа сабақ.<br>1.«Күретамырды іздеу» поэмасы<br>Поэма мазмұнымен толықтай танысады<br>2.«Конферттегі сұрақ» әдісі.<br>Шығарма бойынша сұрақ қойылады.</td><td>Ж<br>Ж</td><td>Дескриптор:<br>Поэманы оқиды, талдайды, сұрақтарға жауап береді</td><td>Ақынның шығармалар жинағы</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Сабақтың<br>соңы<br>мин | **Үй тапсырмасы:**<br>Поэманың көркемдік ерекшелігін талдау.<br>**Рефлексия:**<br>***«Бас, жүрек, қол» әдісі***<br>**Бас** – шығармадан не түйдім?<br>**Жүрек** – шығарманы оқу барысында қандай сезімде болдым?<br>**Қол** – не пайдалы болды немесе нені алдағы уақытта қолданамын.<br> | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 30-сабақ | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатысպаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Сенім патшалығы | | | |
| Сабақ мақсаты: | Поэмаларының негізгі тақырыбы мен идеясын ашу | | | |
| | | | | |
| Жопс.уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың<br>басы<br>мин | 5. **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>6. **Психологиялық ахуал орнату:** | Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады, жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өрмекші торын жасап, бір-біріне тілек айтады | Жарайсыңдар! | |
| Сабақ<br>ортасы<br>мин | **1. «Джигсо» әдісі арқылы шығарма үзінділерге бөлініп беріледі.**<br>Үлестірмелі материалдар беріледі. | *Оқушылар топқа бөлініп, берілген ақпараттарды топ ішінде талқылайды.* | ***Дескриптор:***<br>*Ақпаратпен танысады;*<br>*Топ ішінде талқылайды, тақырыбы* | |

<table>
<tr><td></td><td>2. Шығарманы талдайды<br><table><tr><th>Идеясы</th><th>Тақырыбы</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>Әр топ өздеріне берілген мәлімет туралы келесі топтарға баяндайды.</td><td>мен идеясын айқындайды</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы мин</td><td>Үй тапсырмасы:<br><br>Рефлексия:<br>«Б-Б-Б»әдісі бойынша<br><table><tr><th>Білемін</th><th>Білдім</th></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td>31-сабақ</td><td>Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td colspan="2">Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="2">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="4">Жігерлендіру</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="4">Саяси бағыттағы өлеңдерін талдау</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Жопс.уақыт</td><td>Педагог әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы мин</td><td>1. Ұйымдастыру кезеңі:<ul><li>Оқушылармен сәлемдесу;</li><li>Оқушыларды түгелдеу;</li><li>Сынып тазалығын тексеру;</li></ul>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>Айнала қоршала тұрып, «шаттық шеңберін» құрып, оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы мин</td><td>1.Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Сен жыладың, жігітім,<br>Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,<br>Қайтпады деп,</td><td>Ж.<br>Ж<br><br>Ж<br>Ж</td><td>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды<br>Өлеңді</td><td>Презентация<br>Реферат</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жұртқа еткен жақсылығың.<br>Сен жыладың,<br>Бір қатты соққы алдым деп,<br>Бақытсыз болып қалдым деп.<br>Жә, жә, жарар,<br>Өткен күн оралар ма,<br>Қарау керек, бауырым, саған алға,<br>Басыңдағы бөрік пе, орамал ма?!<br>Көтер қане басыңды, қалай бұның?!<br>Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?!<br>Көтер қане басыңды!<br>Күніңді босқа өткізіп пе едің?<br>Тағдыр неге сыр айтты сары-ау,<br>Өмірдің барлық сәтсіздіктерін<br>Бақытсыздық - деп кім айтты саған?!<br>Кім айтты саған?!<br>Тұлпарды сүрінбейді деп,<br>Асауды мінілмейді деп,<br>Ақ көйлек кірлемейді деп,<br>Қара ешкі мүжіген ағаш қайтадан гүлдемейді деп.<br><br>**2. «Бір минуттық әңгіме» тәсілі.**<br>*Оқушылар жұппен өлеңді талдайды, түсіндіреді.*<br><br>**3 «Шеринг» әдісі**<br>*Барлығы шеңберде отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек.* | *Ж*<br>*Ж* | *талдайды*<br>*Тақырыпты түйіндейді;*<br>*Өзіндік көзқарасын білдіреді.*<br><br>*ҚБ*<br>***«Лайк, репост, пікір»*** | |
| Сабақтың соңы<br>мин | **Үй тапсырмасы:**<br>**Рефлексия:**<br>***«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша***<br>1.Бүгін мен не білдім...<br>2.Не қиындық туғызды...<br>3.Маған маңызды болды... | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 32-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Шың басындағы оқиға | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ мақсаты: | Махаббат тақырыбындағы өлеңдері | | | |
| | | | | |
| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Мен елімді мақтан етемін, өйткені...» | | | |
| Сабақ ортасы мин | **1.«Айналмалы бекет»** Оқушылар үзінділерді оқып, басқа топтарға түсіндіреді.<br><br>**2. «Сұрақ-жауап» әдісі.** Оқушылар шығарма бойынша сұрақ құрастырып бір-біріне қояды.<br><br>**3.Ойтолғау жазады** | | ***Дескриптор:***<br>*Өлең үзінділерін оқиды,*<br>*Талдайды,*<br>*Сұрақтарға жауап береді,*<br>*ойтолғау жазады* | |
| Сабақтың соңы мин | Үй тапсырмасы:<br>Ақынның достық тақырыбындағы өлеңдерімен танысу<br>Рефлексия:<br>**«Ашық микрофон» әдісі**<br>Сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>Сабақта өзіңе не ұнады? | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектебі: | 33-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Алғашқы махаббатқа хат | | |
| Оқу мақсаты: | Махаббат тақырыбындағы өлеңдері | | |
| Алдыңғы сабақ: | | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу; | | | |

<table>
<tr><td>мин</td><td><ul><li>Оқушыларды түгелдеу;</li><li>Сынып тазалығын тексеру;</li></ul>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>«Мен жақсы доспын, себебі...»</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы мин</td><td>1. Мәнерлеп оқы. Алғашқы махаббатқа хат өлеңі беріледі.<br>Бір үмітке бір үміт жалғадым,<br>Көп-ақ екен бергенімнен алғаным.<br>Заңғар көкке самғағаным не керек,<br>Саған ұшып бармаған соң, арманым.<br>Әнмен айтып баландығын, пәктігін,<br>Көктем де өтті зорға басып аптығын.<br>Күнде баққа қыдырғаным не керек,<br>Сен қасымда болмаған соң, шаттығым.<br>Батты қанша күн қызарып, атты қанша таң күліп,<br>Кеудемнен сан жұлдыз ағып, тау құлады жаңғырып.<br>Сонда да мен сенімімнің беріктігін ән қылып,<br>Тым айнығыш сезімдерді ар отына жандырып,<br>Жүріп келем асыл әнім, жүріп келем паң күліп,<br>Өткен күннің бедерлерін өшірсе де сан күдік,<br>Екі адамның саусағының ыстығы<br>Маңдайымда қалып қойды мәңгілік.<br>Қастерлеген бақыт атын, ар атын,<br>Сол екі қол болды менің қанатым.<br>Біріншісі - анам қолы, әрине,<br>Екіншісі — сенің қолың болатын.<br>2-тапсырма. Талдау
<table>
<tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr>
<tr><td>Идеясы</td><td></td></tr>
<tr><td>Жанры</td><td></td></tr>
<tr><td>Шумақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Тармақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Буын саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Бунақ саны</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұйқас</td><td></td></tr>
<tr><td>Тіл көркемдігі</td><td></td></tr>
</table></td><td>ЖЖ</td><td>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>Өлең құрылысына талдайды.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>мин | **Үй тапсырмасы:**<br>Рефлексия:<br>**Рефлексия:**<br>*«Тазалық ойыны »әдісі бойынша*<br>***Шабадан***-әрі қарай менің керегіме жарайды.<br>***Ет тартқыш***-алған ақпаратты өңдеймін.<br>***Себет***-барлық ақпаратты тастаймын. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектебі: | 34-сабақ | Күні: | Мұғалімі: | |
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Терендік жыры | | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын әндерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін айқындау | | | |
| Алдыңғы сабақ: | | | | |
| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>**Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Атом және молекула»<br>Менің көңіл-күйім \|  \| <br>. | |  | |
| Сабақ ортасы<br>мин | **1.Өлеңді мәнерлеп оқиды, талдайды.**<br>Өзіңсіз келген күндерден,<br>Өзіңсіз терген гүлдерден,<br>Өзіңсіз кешкен ойлардан,<br>Өзіңсіз өткен тойлардан<br>Жалығып біттім, жаным - ау.<br>Мен десе жаның даладай, | ЖЖ | ***Дескриптор:***<br>*Өлеңмен танысады;*<br>*Көркемдік ерекшелігін талдайды.* | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Мен десе күлкің мөп-мөлдір<br>Лақылдап жанған өсек пен отқа қарамай,<br>Сен маған арнап әуенін салдың көктемнің.<br>Өзіме - өзім ете алмай қалсам иелік,<br>Күшімді жидым, арманым, саған сүйеніп.<br>Сен менің асқар белім боп,<br>Шалқисың кейде шадыман шалқар көлім боп.<br>Көңілінде терең көлі бар жандар бақытты,<br>Көңілінде терең көлі бар жанға өлім жоқ.<br>Тереңім сенсің, еңселім,<br>Өлеңім сенсің, еңселім.<br>Парасат көркін қаншама әйел халқының<br>Мен саған қарап өлшедім.<br>Көрмедің әсте сенімнің гүлін солдырып,<br>Шыдамды тәңірім сыйлапты саған мол қылып.<br>Кім айтар кәне бекер деп,<br>Вокзал мен вокзал арасын<br>Жүрдің сен күнде жол қылып,<br>Мен келіп қалар ма екен деп.<br>2-тапсырма.<br>Өлеңге сатылай кешенді талдау жаса</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>мин</td>
<td colspan="4">Үй тапсырмасы:<br><br>Рефлексия:<br>Рефлексия:<br>« Білім желкені »әдісі бойынша<br>
<ul>
<li>Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орынған болсаң,желкенді жасыл түсті боя;</li>
<li>Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң,желкенді сары түске боя;</li>
</ul>
Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып,мұғалімнің көмегі қажет болса,желкенді қызыл түске боя.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Мектебі:</td><td colspan="2">35-сабақ</td><td>Күні:</td><td colspan="3">Мұғалімі:</td></tr>
<tr><td>Сыныбы:</td><td colspan="2">Қатысқан оқушылар саны:</td><td colspan="4">Қатыспаған оқушылар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="6">Қайталау сабағы</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="6">Ақын шығармаларының  құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап эссе жазу</td></tr>
<tr><td colspan="7">Алдыңғы сабақ:</td></tr>
<tr><td>Жопс.уақыт</td><td colspan="3">Сабақ барысы</td><td>Оқушы әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>мин</td><td colspan="3">1. Ұйымдастыру кезеңі:<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>2. Психологиялық ахуал орнату:<br>«Өрмекші торы»<br>Оқушылар ортаға шығып шеңбер құрады, жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өрмекші торын жасап, бір-біріне тілек айтады.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ ортасы<br>мин</td><td colspan="3">1. Зымынран сұрақтар. Ақын шығармашылығы өмірбаяны бойынша сұрақтар қойылады.<br><br>2. Эссе тақырыптары<br>1.М.Шаханов –халқымыздың ұлттық қасиетін қастерлеуші адам.<br><br>2.Шаханов-күрескер ақын<br>3.Шаханов шығармаларындағы жаңа мазмұн мен тың өрнектер<br><br>4.Шаханов поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдығы</td><td>ЖЖ</td><td>Дескриптор:<br>Тақырыпты ашады;<br>Эссе құрылымын сақтайды</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>мин</td><td colspan="6">Үй тапсырмасы:<br>Рефлексия:<br>«Аяқталмаған ой»әдісі бойынша<br>10.Бүгін мен не білдім...<br>11.Не қиындық туғызды...<br>12.Маған маңызды болды...<br>Бүгінгі сабаққа бір ұсыныс,бір тілектеріңіз болса,стикерге жазып,маған жинап берулеріңе болады.</td></tr>
</table>

| Мектебі: | 36-сабақ | Күні: | Мұғалімі: |
|---|---|---|---|
| Сыныбы: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Поэзия сабағы | | |
| Сабақ мақсаты: | Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу, жатқа айту | | |
| Алдыңғы сабақ: | | | |

| Жопс.уақыт | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>• Оқушылармен сәлемдесу;<br>• Оқушыларды түгелдеу;<br>• Сынып тазалығын тексеру;<br>**2. Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Дос жылатып айтады,дұшпан күлдіртіп айтады» тренингі | | | |
| Сабақ ортасы<br>мин | **1. «Ойымды жалғастыр...» әдісі**<br>Оқушылар шеңберде тұрып үй тапсырмасы бойынша алдыңғы сабақтарда жатқа берілген өлеңдерді кезекпен жалғастырып жатқа айтады.<br><br>**2. SWOT – талдау**<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді, әр топқа әртүрлі тақырыптағы ақын өлеңдері беріледі. Топтық жұмыста оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып, көтерілген мәселе мен негізгі идеясын, көркемдік ерекшелігін талдайды. | *ЖЖ*<br><br><br><br><br>*ТЖ* | ***Дескриптор:***<br>*Ақын өлеңін жатқа оқиды;*<br>*Бір-бірін жалғастырады*<br><br>***Дескриптор:***<br>*Өлеңді мәнерлеп оқиды;*<br>*Топ ішінде талқылайды.* | |
| Сабақтың соңы<br>мин | Үй тапсырмасы:<br>Өлеңді мәнерлеп оқу<br>Рефлексия:<br>***«Ашық микрофон » әдісі бойынша***<br>*Сабақтан қандай әсер алдыңдар?*<br>*Сабақта өзіңе не ұнады?* | | | Стикерлер |

## Қосымша материалдар

### Туған жерге оралу

Әкем сенің төсіңде атын тұңғышерттеген,
Анам сенің төсіңде тамыр жайып көктеген.
Мен де сенен ең алғаш таптым арман өрісін,
Сенен ұлы ешкім де болмақ емес мен үшін.

Қайырмасы:
Қарлығаш қалмайды ұяда,
Шарықтап кетсек те қияға
Туған жер, өзіңсің ең үлкен анамыз.
Біз сенің алдында
Мәңгіге бала боп қаламыз.

Көктем сайын қырқанды гүл жабады жаңадан,
Мен көз жұмған шақта да сен, туған жер, бол аман.
Саған деген ерекше сағынышы жоқ адам -
Заман үшін, ел үшін қауіпті адам, ол адам.

Төктің маған аямай жүрегіңнің ыстығын,
Жалын болып лаулады өзің жаққан ұшқының.
Сен жасай бер жаңарып, тіренішім - ұстыным,
Саған арқа сүйеген кезде ғана күштімін.

### Рух пен тіл

Табиғаттың өзгермейтін заңына бұр бетіңді,
Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде.
Қайырмасы:
Ұлтсыздану заманында,
Тілің нарық табанында,
Көнбістік бар қадамыңда,
Рухыңды басып кетті қарын.
Тіліңді жоғалтсаң,
Діліңді жоғалтсаң 2 рет
Жоғалтасың ² бәрін.
Адам қанша болғанымен дарынды әрі табанды,
Туған жерін сүймей тұрып сүймек емес ғаламды.
Өзге ананың мазмұнына, мерейіне тор құрар,
Алдыменен өз анасын сүйе алмаған сорлылар.
Нарық-ғасыр бәрін сатып жібере ме алтынға,
Кім қалады сол алтынға сатылмайтын қалпында?

Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,
Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да.

**Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы**
Жаһандану рухсыздығы өз жеңісін тойлауда.
Содан қазір қаншама адам бейім былай ойлауға:
"Мен қай тілде еркін сөйлеп, оқи алам, жаза алам,
Білім, жұмыс, нан таба алам, сол тіл - менің өз анам".
Бірақ қарсы тұжырым бар осы адасқан байламға:
Біз жалқыны мойындамай, ұға алмаймыз жалпыны.
Тіршілікте бір адамды шексіз сүю арқылы
Адамзатты тану әрі сүюге жол табасың.
Және әркім шын қадірлеу арқылы өз анасын,
Ұғар оның сатылмайтын сезімінің бағасын.
Өз ұлтыңның тілін, салтын, парқын сүю арқылы
Күллі әлемдік биікке өрлеп, ардақтайсың жалпыны.
Сан түрлі тіл меңгереміз, айдындап ой қарқыны.
Ал ғаламдық ортақ тілсіз -
Бірлік - гүлсіз, сенім - нұрсыз,
Бірақ ана тіліңе оның түспеу керек салқыны.
Бұл табиғи жолдан айну қырсық қаупін өсірер

**Арыс жағасында**
Өзіңмен Арыстың
Бойында таныстым.
Жайнаған гүлдей құрбым сен,
Жағада тұрдың сен.
Қайырмасы:
Жаз еді күлкің де,
Қайдасың бұл күнде,
Сені іздеп, арманым,
Сыр бойын шарладым.
Алдында бір бақыт,
Тұрғандай тіл қатып.
Толқынға қарап ойлана,
Әндеттің жай ғана.
Қайырмасы.
Нұр шашып көзіңнен,
Бір нәзік сезіммен.
Жібектей шашың толқындап,
Қалып ең қол бұлғап.
Қайырмасы.

**Қуаныш вальсі**

Жадырап жанымыз,
Жарасып әніміз,
Болашақ бүгіннен басталғандай.
Нұр құйып көңілге,
Жол сілтеп өмірге,
Арман тұр асқақтап асқар таудай.
Қайырмасы:
А-а-ай, а-а-ай,
Қуаныш көрем көзіңнен,
Өзіңмен, жан құрбым,
Қосылды тағдырым,
Қосылған қос өзен секілденіп.
Өзің боп өлеңім
Шаттыққа бөлендім,
Сәулешім, сенімен танысқалы.
Теңізге телегей
Жол тартқан кемедей,
Бойдақтық бізден де алыстады.
Қайырмасы.
Достарсыз бұл күнде
Күн кешу мүмкін бе,
Досымыз көбейсін, келе берсін.
Жайнай бер, жасқанбай,
Мөлдір боп аспандай,
Кірлетпе көңілдің терезесін

**Жалын**

Өтудесің,
өтесің замандарым,
Құпиям көп ұқпаған, түсінбеген.
Әкем менің жек көрген адамдарын
"Жалыны жоқ сорлы" деп мүсіркеген.
Алдан іңкәр үміттің жолын көрем,
Жолын көрем,
Жанымнан жалын көрем.
Мүсіркетпе тағдырым мені ешкімге,
Мүсіркеген адамның қолында өлем.
Ғасырына он берген,
Ерлер аз бап шапағатын ел көрген,
Жас шағында-ақ заманының заңғар ойын меңгерген.
Керісінше, сақал-шашын күнге ағартқан қарттар бар,
Жасы жүзге келгенмен.
Даңқы шырқау ел рухын айқындайтын деңгейдің,

Жас кезінде жалыны жоқ жігіттің,
Жас кезінде дарыны жоқ жігіттің
Ертең ерлік жасарына сенбеймін.
Иә, жастық  бола алмайды ешқашанда жарлы ұғым,
Аяу керек
Жастық отын ерте өшіріп алғандардың барлығын!

**<u>Наурыз</u>**

Қанша ғасыр сән берген даламызға
Өзгеше бір әні едің байтақ елдің,
Сәлем, Наурыз!
Сен біздің арамызға
Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.
Сен ең көне жырысың санамыздың,
Рухи шаттығымсың тасып толған.
Сені тойлап, бабасы бабамыздың
Әжемнің әжесіне ғашық болған.
Сен бүгін арнасысың дара күйдің,
Сан пейілдің төрінен күлімдейсің.
Сен менің ұлы бабам Фарабидің
Кешігіп елге жеткен үніндейсің.
Басыңды көтер, қане, күн қақтаған,
Сен енді басқа айқайға бұрылмайсың.
Тымырсық, тылсым жылдар тыңдатпаған
Сен бізге Шәкәрімнің жырындайсың.
Ғасырды көктеп өтіп сұңқар сезім,
Немерем тік көтеріп уақыт туын,
Ғашығына арнаған іңкәр сөзін
Өзіңнің тойыңда айтса - бақыттымын!

**<u>Қалдаяқов өзені</u>**

Бар қазақты тамсандырған,
Таңнан-таңғаән салдырған,
Өзің әнмен қарсы алдырған Шәмші едің,-
Зорсығанның көбісі құры сүлде,
Ешкім көзі тірісінде
Ән көгінен дәл өзіндей таба алған жоқ нар сенім,
Қандай ғажап кереметің бар сенің.
Ұлылыққа еліктегіш отсыз, нәрсіз көздер көп,
Біреулер жүр саусағының көмегімен сазгер боп,
Ал сен ұлы жүрегіңмен,

Пейіліңмен,тілегіңмен,
Күллі тамыр тірегіңмен,
Дарын едің алдына жан салмаған,
Ұлт сезімін арқалаудан талмаған.
Отырардың еңкеймеген рухын
Әр қазаққа ән арқылы жалғаған.
Бәлкім, содан маңдайыңның қасіреті тым қалың,
Пенделік пен кенделікті көп көрсең де сынбадың.
Заманыңда ұшырсаң да әннің небір сұңқарын,
Тіпті сазгер қоғамына мүше болмай кеттің-ау,
Ерлік шығар сондай сәтте еңкейместен тұрғаның.
Өкпелеме қазағыңа, өкпелеме, іңкәрім.
Жігіттің бір жарқыны едің,
Дәуірдің сом алтыны едің
Едің және арайы.
Бірақ сенен әлдеқайда қымбатқа
Бағаланды қалайы,
Солай көшкен бұл даладан ұлылардың талайы.
Мына шақта, ізгіліктің тауы тозған кезеңде,
Қырандардан қораздар мен тауық озған кезеңде,
Хас тұлпарды топ жабағы
Қалың шаңға жауып озған кезеңде,
Айналдың сен енді ешкім бөгей алмас өзенге.
Енді саған өшпес, өлмес атақ, данқтың кезегі
Келгендігін досың, түгіл қастарың да сезеді.
Кеш болса да жадырап ақ, еркелеп ақ еліңе
Ұлтымыздың ұлы өзені, Қалдаяқов өзені.

**<u>Арал қасіреті</u>**

Кемелер жүздірген шағылтып желкенін айға,
Тау толқын төсінде тербелген ерке күн қайда?
Қайда сол дәуренің тағдырдан күш-қуат сезген,
Шағала көктемнің дүркіреп ұшты ма көзден?

Қайырмасы:
Сенемін саған,
Тұрғанда аман
Адамдық күші, ой күші.
Аралым менің,
Жанарым менің,
Халқымның ұлы қайғысы.

Бұл өлке қалайша болады азап түнегі,
Ежелгі мұң-зарың аз ба еді, қазақтың елі?
Қайтемін, Аралым, бүгінде қалды сүлдерің,
Төзімі еліне ұқсаған көнбісім менің.

Аралым, күн туды басыңа дүрбелең - кереңң,
Кім ұқпақ, шалды, анау өзіңмен бірге өлем деген.
Безбүйрек ғасырың қағады қанатын үнсіз,
Бір жылда екі ұлын жоғалтқан ана тұр тілсіз.

## <u>**Желтоқсан тағылымы**</u>

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның!

Қайырмасы:
Арманыңның атын,
Жігеріңнің отын
Өшіре алмас асау желі уақыттың.
Егер кім қанша
Уайымсыз болса,
Нақ сол адам құнын білмес бақыттың.

Темір қолдар қуатты еді алқымыңды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жалғыз қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы

**Түсінісу теоремасы**

Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар...
Қара бұлттай қайғы жапты бөлмені.
Адамзаттың алғыр, ұлы қыраны
Лев Толстой жатыр еді өлгелі.
Әйелі кеп қолын сүйіп, жылады:
"Тежей алмай мінезімнің тасырын
Өзіңменен өтті жарты ғасырым.
Мен бейбақты кешіре гөр.
Күнәм көп...
Кешіре гөр,
Кешіре гөр, асылым?!"

Өткен күнің оймен шолып алыстан
Үнсіз, іштей күбірледі данышпан:
"Жә, кемпірім,
Жасыңды тый,
Жетті енді,
Жылап ешкім қайыра алмас өткенді.
Қаштым сенен...
Саған жақын жүргенше,
Артық көрдім жиһан кезіп кеткенді.
Жалғыз сенен қаштым ба екен мен бірақ,..
Ресейден бөлінбестей болдым-ақ,
Із бастадым күртік қарды омбылап.
Күллі әлемді тамсандырған ақылым
Сенен қолдау таппағаны қорлық-ақ.
Бір шындық бар еншімнің жоқ таласы –
Ұл-қызымның болдың ғазиз анасы.
Қартайғанда түсініспей, әттең-ай,
Жолымыздың қырсыққанын қарашы.
Дей алмаймын: "Маңдайымның сорысың.
Қамқорым боп создың қанша қол ұшын.
Бірақ мені түсінбедің.
Түсінуге және де Тырыспадың...
Кешірмеймін сол үшін,
Кешірмеймін сол үшін..."
Күллі адами пенделікпен алысқан
Қыран ойы тұрақ таппай ғарыштан,
Әйеліне қарап терең күрсіне
Мәңгілікке көзін жұмды данышпан.

**Жігерлендіру**

Сен жыладың, жігітім,
Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,
Қайтпады деп,
Жұртқа еткен жақсылығың.
Сен жыладың,
Бір қатты соққы алдым деп,
Бақытсыз болып қалдым деп.
Жә, жә, жарар,
Өткен күн оралар ма

Қарау керек, бауырым, саған алға,
Басыңдағы бөрік пе, орамал ма?!
Көтер қане басыңды, қалай бұның?!
Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?!
Көтер қане басыңды!
Күніңді босқа өткізіп пе едің?
Тағдыр неге сыр айтты сары-ау,
Өмірдің барлық сәтсіздіктерін
Бақытсыздық - деп кім айтты саған?!
Кім айтты саған?!
Тұлпарды сүрінбейді деп,
Асауды мінілмейді деп,
Ақ көйлек кірлемейді деп,
Қара ешкі мүжіген ағаш қайтадан гүлдемейді деп.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл бағдарламада өзінің өршіл рухты жырларымен дараланған қазақтың біртуар ақын ұлдарының бірі Мұхтар Шахановтың шығармашылығы, ақынның адамгершілік, ұлтжандылық, еңбекқорлық тәрбиеге байланысты шығармалары жайында терең білім беруді көздедім. Автордың өмірбаянына шолу жасалып, туған жерге, достыққа, тарихқа, өнерге арналған шығармаларымен танымдық – тағылымдық жұмыстар жүргізіледі.

Мұхтар сынды тұлғалардың бүгін де, болашақта да ел – жұртына ұсынар ғибраты мол. Ақынның шығармашылық мұрасы – рухани қажеттілік, үлкен мектеп.

Бағдарлама бойынша оқу материалдарын жаңа мазмұндағы технологиялар арқылы, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолданып өткізуге қолайлы. Атап айтсақ, арнайы әзірленген слайдтар,бейнекөрсетілімдер, интербелсенді тақтаны қолдануға болады.

Өлеңді нақышына келтіре оқу, оның маңыздылығын ұғу – ұстаздың үздіксіз ізденісінің нәтижесінде болатын үрдіс. Бағдарламада көрсетілген шығармалар оқушының ізденісі мен мәнерлеп оқуға деген сүйіспеншілігін тудырады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, шығармашылыққа ұмтылдыру, ойлана, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақтап айтып беруге дағдылану сияқты сапаларды оқушы бойына дарыту мақсат етілді. Оқушылардың өз беттерімен ізденуіне, ой-өрістерін кеңейтіп есте сақтау қабілеттерін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында тапсырмалар жасақталды.

Ақынға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық және адамгершілік секілді қасиеттердің биігінен көрінген ақын шығармашылығын оқушыларға жан-жақты талдап оқытудың маңызы зор.

Мұхтардың өлеңдері жүрегін жарып шыққан жан сөзі – бәріміздің рухани азығымыз, мақтанышымыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

М.Шаханов «Эверестке шығу» — Алматы: Атамұра, 2003ж.
М.Шаханов «Дәуір дастандары» — Алматы: Жазушы 1992ж.
М.Шаханов «Танакөз» — Алматы: Рауан, 1996ж.
4.«Ана тілі» журналы, №9, 2000ж.
5.«Ана тілі» журналы, 28 қазан 2004ж.
6.«Ақиқат» журналы, №2, 1999ж.
7.«Ақиқат» журналы, №3, 2004ж.
8.«Ұлағат» журналы, №1, 2000ж.
9.«Тіл мен дін» журналы, №2, 2005ж.
10.«Тіл мен дін» журналы, №4, 2006ж.